

Индустрія 4.0 жағдайында жеткізу тізбегін басқару: жүйелі әдебиет талдауы

А.Т. Молдабекова¹

Түйін

Индустріялдық даму, технологиялық жаңғыру логистика саласымен де сабактасып жатыр. Төртінші индустріялдық революция логистика, соның ішінде жеткізу тізбегін басқаруга көтісты жаңа жағдайлар туғызуда. Осы тұста бұл зерттеу мақаласының мақсаты: «өнеркәсіп 4.0» жағдайында жеткізу тізбегін басқаруға көтісты әдебиеттерге шолу жасап, негізгі зерттеу тақырыптарын айқындау. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін жүйелі библиографиялық талдау әдісі қолданылды: Web of Science (WoS) және Scopus базаларынан кілт сөздер арқылы материалдарға іздеу жүргізілді, табылған материалдарға жылдар, салалар, өнімді авторлар, мемлекеттер бойынша библиографиялық талдау жасалынды. Пәндер бойынша шектеулер қойылып, ең сілтемесі көп материалдар іріктелді. «Өнеркәсіп 4.0» жағдайында жеткізу тізбегін басқару бойынша авторлардың зерттеулери мына бағыттар бойынша екендігі анықталды: жеткізу тізбегіндегі жаңа трендтер; «акылды» өндірісті үйымдастыру; «үнемді», экологиялық тұрақты өндірісті үйымдастыру; өндірісті басқару мәселелері (industrial management); жеткізу тізбегіндегі жаңа технологиялар (Internet of things (IoT), Big Data, Cloud computing, cyber-physical systems, Automation systems, RFID, Mobile app және т.б.). Атальыш технологияларды колдану жеткізу тізбегін тиімді үйымдастыруға мүмкіндік береді. Жеткізу тізбегін басқару жүйесін экономиканың өндеуші өнеркәсіп саласына енгізудің артықшылығы көп. Өндіріс орнын шикізатпен жабдықтаудан бастап, өнім өндірісі кезеңін, дайын өнімді бөлшек саудаға бөлу, тұтынушыға дейін жеткізуде жаңа технологияларды қолдану өнімнің өзіндік құнының төмендетуге әсер етеді, нәтижесінде кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі артады.

Түйін сөздер: индустрія 4.0, логистика 4.0, жеткізу тізбегін басқару

Аннотация

Четвертая промышленная революция создает новые условия для управления цепями поставок в логистике. Целью данной статьи – на основе анализа научной литературы по управлению цепями поставок в рамках «Индустрія 4.0» определить основные направления научных исследований. Для достижения этой цели использовался систематический библиографический анализ: был проведен поиск по ключевым словам по базам Web of Science (WoS) и Scopus. Материалы были рассмотрены по годам, отраслям, авторам, странам. Далее материалы были лимитированы по дисциплинам и проанализированы самые цитируемые статьи. В исследованиях по управлению цепями поставок в условиях Индустріи 4.0 были выявлены следующие исследовательские темы: новые тренды в управлении цепями поставок; «умное» производство; «бережливое», экологически устойчивое производство, вопросы управления производством в новых условиях; новые технологии в управлении цепями поставок (интернет вещи (IoT), большие данные, облачные вычисления, киберфизические системы, системы автоматизации, RFID-технологии, мобильные приложения и т.п.). Применение новых технологий позволяет эффективно организовать цепь поставок. Внедрение системы управления цепями поставок в обрабатывающую промышленность экономики имеет ряд преимуществ. Активное применение возможностей Индустрія 4.0 в обеспечении производства сырьевыми материалами, организации производственного цикла, распределении продуктов по розничным сетям, доставке до конечного потребителя готовой продукции влияет на снижение себестоимости продукции, вследствие чего повышается конкурентоспособность предприятия.

Ключевые слова: промышленность 4.0, логистика 4.0, управление цепями поставок

¹ Әл-Фараби атындағы Қазак Ұлттық университеті және КР БФМ ФК Экономика институтының PhD докторанты, e-mail: kazsocium01@gmail.com

Abstract

The fourth industrial revolution creates new conditions for supply chain management in logistics. The purpose of this article is to determine the main directions of research based on the analysis of the scientific literature on supply chain management in Industry 4.0. To achieve this goal, a systematic bibliographic analysis was used: a search was carried out by keyword on the Web of Science (WoS) and Scopus databases. Materials were reviewed by year, industry, authors, countries. Further, the materials were limited to the disciplines and analyzed the most cited articles. In research on supply chain management under the conditions of Industry 4.0, the following research topics were identified: new trends in supply chain management; operational management of Smart manufacturing; Lean manufacturing, environmentally sustainable production, production management issues in new conditions; New technologies in supply chain management (Internet of things (IoT), big data, cloud computing, cyber-physical systems, automation systems, RFID technologies, mobile applications, etc.). It is possible to effectively organize the supply chain using these technological opportunities. The introduction of the supply chain management system into the processing industry has many advantages. The active use of Industry 4.0 technology in ensuring the production of raw materials, organizing the production cycle, distributing products through retail chains, delivering finished products to the final consumer influences the reduction of production costs, as a result of which the competitiveness of the enterprise will increase.

Keywords: industry 4.0, logistics 4.0, supply chain management

Кіріспе

Төртінші өнеркәсіптік революция элементтері түрлі салаларда көрініс тауып келеді. Технологиялық даму логистика саласымен де сабактасып жатыр. Аграрлық экономикадан өндіріске қадам басумен сипатталатын XVIII ғасырдағы Бірінші өнеркәсіптік революцияда транспорт саласы дами бастады. Электр энергиясын өндірісте қолдану, жаппай өндіріске көшу кезеңі – Екінші өнеркәсіптік революцияда теміржол байланысы жолға қойылды. Электрониканың дамуы мен өндірісте ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану бастау алатын Үшінші өнеркәсіптік революция кезеңінде 3 PL-үш жақты логистикалық қызмет көрсету дамып, жеткізу тізбегін басқару жолға қойылды. Материалдық ағындарды басқару ақпараттық технологиялар көмегімен жүзеге асырыла бастады. Ал бүгінде төртінші өнеркәсіптік революция – өндірістік желілер, Интернет-заттар, ақылды өнеркәсіптің пайда болуы, интеллектуалдық транспорттың жүйе, ақылды логистиканың дамуына жол ашуда [1].

Ғылыми әдебиеттерде «Өнеркәсіп 4.0-ге» қатысты әдеби шолулар мен талдаулар кездеседі. Өнеркәсіптік даму жағдайындағы жаңа технологияларға [2,3] авторлар мен кілт сөздерге желілік талдау [4], жалпы логистикадағы өзгерістерге [5] әдебиет шолулары жасалынған. Алайда Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында жеткізу тізбегін басқаруға қатысты зерттеулер көп емес [6].

Осы тұста бұл зерттеу жұмысының мақсаты Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында логистика мен жеткізу тізбегін басқаруға қандай жаңа міндеттер жүктейтінін анықтау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін ғылыми әдебиеттерге шолу жасалынды.

Библиометриялық (bibliometric) немесе ғылыми өлшемдік (scientometric) талдау – әдебиеттегі нақты үрдістерді анықтауға көмектеседі және болашақ ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін басшылық қағидаттар мен бағыттар ұсынады [4].

Бұл зерттеу жұмысында «Өнеркәсіп 4.0» жағдайында жеткізу тізбегін басқаруға жүйелі библиометриялық талдау жүргізілді. Ол үшін ең кең тараған екі деректер базасы пайдаланылады: Web of Science (WoS) және Scopus. Жылдар бойынша зерттеу материалдарының өзгерісіне, сілтеме жасалынуына, елдер бойынша зерттеулердің жүргүзілуі талданды. Сонымен қатар, көп сілметеге ие мақалалар сарапталды, негізгі зерттеу тақырыптары анықталды. Бірінші бөлімде зерттеудің негізі болған «өнеркәсіп 4.0» және «жеткізу тізбегін басқару» ұғымдарының теориялық негіздері бойынша әдебиетке шолу жасалынады. Екінші бөлімде осы зерттеу жұмысының әдіснамасы сипатталады. Библиометриялық талдау үшінші бөлімде жүргізіледі.

Нәтижелерді қорытындылау арқылы төртінші бөлім мақаланы аяқтайды.

Әдебиет талдауы

Бұл бөлімде «өнеркәсіп 4.0», «логистика 4.0» және «жеткізу тізбегін басқаруға» қатысты әдебиеттердегі авторлардың талдаулары беріледі.

Төртінші өнеркәсіптік революция идеясы мен тұжырымы 2011 жылы Германияда өткен Ганновер жәрмеңкесінде айтылып, 2013 жылдан бастап қолданысқа ене бастады [3]. Lasi H, Fettke P, Kemper H-G, Feld T, Hoffmann M (2014) негіздеуінше төртінші өнеркәсіптік революцияны «Өнеркәсіп 4.0» үгымы сипаттайды және бұл өндіріс жүйелеріне өзгерістер алып келді. Атап айтқанда: (1) даму кезеңдерінің қысқаруы - даму кезеңі мен инновациялық кезең жылдамдықты қажет етеді. Жоғары инновациялық мүмкіндіктер көптеген кәсіпорындар үшін жетістіктің маңызды факторына айналады; (2) сұраныстың индивидуализациялануы – басымдықтың сатушыдан сатып алушыға қарай өзгеруі, яғни сатып алушы нарықтағы жағдайды анықтай алады. Бұл үрдіс күн өткен сайын өсіп келеді, нәтижесінде өнімнің жіктелуі, жекелеген өнімдерге жеке тапсырыстардың санының артуы байқалады; (3) икемділік (flexibility): жаңа талаптардың туындауы жағдайында өнімді дамытуда жоғары икемділік қажет; (4) орталықсыздандыру: белгілі бір жағдайларда, тез шешім қабылдау рәсімдері қажет. Осыған орай үйымдық иерархияның ықпалы азаяды; (5) ресурстардың тиімділігі: ресурстардың жетіспеушілігі және оған деген бағалардың өсуі әлеуметтік өзгерістер, экологиялық аспектілер тұрғысынан өнім өндіруде тұрақтылыққа көбірек назар аударылады [7].

Oleśkow-Szlapka & Stachowiak (2019) логистика 4.0 «кемелдену» моделінің құрылымын ұсынады. Модель мына кезеңдерден тұрады: елемеу, анықтау, қабылдау, басқару және интеграция. Бұл компанияларға өздерінің әлеуетін бағалап, үдерісті жетілдірудің жол картасын жасауға мүмкіндік беретін алгоритм бола алады [8].

Witkowski (2017) зерттеуіне сәйкес логистикаға ақпараттық технологиялық шешімдерді енгізу компанияда жаңа құндылықтарды қалыптастырады, олар – адамдық ресурстар мен үйымдастыру мәдениеті. Интернет-заттар логистика және транспорт

секторы үшін аса маңызды. Транспорттық объектілер мен тауарлардың мекенжайы мен жағдайы туралы жедел Big Data мәліметтер арқылы тұтынуышыларға қызмет көрсетуді жақсартуға логистикалық үдерістердің циклін қысқарту мен олардың бағасын төмендету арқылы қол жеткізуге болады [9].

Barreto, Amaral, & Pereira (2017) «Логистика 4.0 – бұл логистикадағы жаңа парадигма, интернетті кеңінен қолдану арқылы нақты уақытта адамдар мен машиналар арасында байланысты қамтамасыз етеді, цифрандыру кеңейеді»-деп тұжырымдайды [10]. Тиімді Логистика 4.0 келесідей технологиялық мүмкіндіктерді қолдануы тиіс: 1) ресурстарды жоспарлау, 2) қоймаларды басқару жүйесі, 3) транспорттауды басқару жүйесі, 4) интеллектуалдық транспорттық жүйе, 5) ақпараттық қауіпсіздік. Логистика 4.0 келесідей технологиялық өгерістерді талап етеді: жеткізу тізбегінде мөлдірліктің жоғары қажеттілігі (жеткізу тізбегінің көрінуі); толыққанды бақылау (сапалы өнімдер, қажетті уақытта, тиісті мекенжайда, белгілі көлемде, тиімді бағада). Бұл өзгерістер Логистика 4.0. концепциясын құрайды.

Yaqiong, Lei, Lee, & Xin (2018) зерттеуінше қазіргі уақытта тауарды сату және жеткізу каналдарының жедел өзгерісі, клиентке бағытталған сервис қалыптастыру, жекеленген өнімдер көлемінің артуы «Omni-канал» үрдісінің кең етек жауына алып келді. Омни - «барлық, түрлі әдістер» арнасын біріктіріп қолдануды сипаттайды Өнімдер мен жеткізуге қатысты жоғары талаптар, информациялық технологиялардың дамуы өнідіріс пен қызмет көрсету сапасының артуына әсер етеді. Omni-канал арқылы логистикалық қызмет көрсету жаңа технологияларды қолданып жедел жеткізу ғана емес, тапсырыстарды динамикалық жеткізу арқылы өнім өндірісінің көлеміне, сапасына да әсер етеді. [11]. Осылайша, Интернет заттар негізінде логистикалық жүйе серпінді әлеуетке ие екендігін атап өткен жөн.

Ал «Жеткізу/жабдықтау тізбегін басқару» (Supply chain management) термині 1982 жылы логистикалық әдебиетте пайда болды. Бұл үғым туралы авторлардың анықтамаларында шикізатты жеткізуден бастап, өнім өндіріс

кезеңін, дайын тауарды тұтынушыға жеткізуге дейінгі аралықтағы бизнес-үдерістер сипатталады [12].

Lambert және Cooper негіздеуінше (2000) жеткізу тізбегін басқару үш тығыз өзара байланысты элементтерді қамтиды: 1) жеткізу тізбегі желісінің күрылымы; 2) жеткізу тізбегіндегі бизнес-үдерістер; және 3) басқару компоненттері. Сонымен, жеткізу тізбегін басқару - бұл барлық бизнес-процесстерді және қызметті кешенді жоспарлау, үйлестіру және бақылау, тұастай алғанда арзан бағамен жоғары тұтыну құндылығын жеткізу арқылы тізбектегі басқа мұдделі тараптардың талаптарын қанағаттандыру [13].

Жеткізу тізбегін басқару өнеркәсіп салаларымен тығыз байланысты. Әсіресе, өңдеуші өнеркәсіп саласына жеткізу тізбегін басқару жүйесін енгізуің артықшылықтар көп. Себебі, шикізаттан бастап, өнім өндірісі кезеңі, өнімді бөлу, тұтынушыға жеткізуге дейінгі үдерістер тиімді логистикалық қызметті қажет етеді.

Индустріаландыру кезеңдері мен жеткізу тізбегіндегі логистикалық қызмет көрсетудегі өзгерістерді қысқытуруға болады. Жыл откен сайын, тауарлар мен қызмет көрсетудегі әлемдік нарықтағы үрдіс бойынша, өнідіріс орындары барлық капитал мен ресурсын өз саласына бағыттауда, ал қосымша қызметтерді – шикізатты жеткізу, өнім өндірісі үдерісі, өнімді бөлу, пакеттерге салу, көтерме-бөлшек саудаға тарату, тұтынушыға жеткізу сияқты жұмыстарды аутсорсинг компанияларға, логистикалық провайдерлерге беруде [14].

Сонымен, «Өнеркәсіп 4.0» жағдайында туындастын «Логистика 4.0» қазіргі заманғы жаңа парадигма жатады: тасымал барысында интернет желісі, ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануды көздейді. Логистика 4.0-де логист бұрынғыдай тек жеткізумен шектелмейді, қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологияларды үйлестіру арқылы жеткізу тізбегінің барлық кезеңдерін бақылайды. Ал «Өнеркәсіп 4.0» жағдайында жеткізу тізбегін басқаруда ғылыми әдебиетте кандай ізденулер бар екендігін осы зерттеу жұмысында анықталады.

Әдіснама

Жүйелі әдеби шолу қазіргі ғылыми әдебиетте тақырыпқа қатысты білімді анықтауға, жіктеуге және талдау жасауға, үрдістерді анықтауға және болашақ зерттеулерге арналған ұсыныстарды ұсынуға арналған.

Осы зерттеуді жүзеге асыру үшін Pagani, Kovaleski, Resende (2015) және da Silva және басқалардың (2019) зерттөдерінде қолданылған әдіс қарастырылды. Зерттеу әдісі мына кезеңдерден тұрады: библиографиялық деректер базасын таңдау; негізгі сөздер мен кілт сөздер тіркестерін құру; деректер базасында іздеу өлшемдерін анықтау; дереккорларда іздеуді жүзеге асыру; қайталанатын мақалаларды алып тастау; ұсынылған тақырыпқа сәйкес келмейтін мақалаларды алып тастау; талдауға мақалаларды іріктеп алу; таңдалған мақалалардың толық мәтінін оқып шығу, талдау [15, 16].

«Индустрія 4.0» «жеткізу тізбегін басқару» түйінді сөз тіркестері Web of Science (WoS) және Scopus дереккорларының іздеу шарттарына сәйкес жүргізілді. Табылған жұмыстар Zotero® анықтамалық менеджері арқылы жиналды. Зерттеу тақырыбымен тікелей байланысты тек таңдаулы мақалаларды таңдау үшін сұзгілеу рәсімдері жеке қолданылды: зерттеу бағыттары бойынша шектеулер қойылды және зерттеу тақырыбымен байланысты емес мақалаларды алып тастау зерттеу түйіндерін оқу арқылы жүргізілді. Сонымен қатар, екі базадан да ең жоғары сілтемеге ие 40 мақала іріктелініп алынып, талданды. Осы зерттеу жұмысының алгоритмі төмендегі сыйбада көрсетілген (сурет 1).



Сурет 1 – Әдебиет талдауының кезендері (Ескертү: автормен жасалынған)

Нәтижелер мен талдаулар

«Өнеркәсіп 4.0» жағдайында жеткізу тізбегін басқару бойынша библиометрикалық талдау мына параметрлер бойынша жасалынды: зерттеулердің жылдар бойынша өсімі, ең өнімді авторлар; зерттеу салалары; мемлекеттер бойынша материалдар және осы бағыт бойынша журналдар.

Web of Science және Scopus дереккөздерінен «industry 4.0» және «supply chain management» кілт сөздері арқылы іздеу 2019 жылдың 9 сәуірінде жүзеге асырылды. Жалпы материалдарды іздеуде жыл бойынша ешқандай шектеу қойылған жоқ.


«Industry 4.0» бойынша WoS-та 2829 және Scopus-та 4746 мақала табылды. Ары қарай іздеу осы табылған мақалалар ішінен «supply chain management*» ұфымына жүргізілді. Яғни іздеу жолына келесідей команда енгізілді: (TITLE-ABS-KEY(«industry 4.0*») AND («supply chain management*»)). WoS-тан 117 және Scopus-тан 316 мақала іріктелді.

«Өнеркәсіп 4.0» бағытында материалдардың екі база бойынша да 2012 жылдан бастап пайда бола бастаған, ал төртінші революциямен байланысты жеткізу тізбегін басқаруға байланысты зерттеулер WoS-та 2015 жылдан,

ал Scopus-та 2014 жылдан бастап жариялана бастаған (сурет 2, 3).

Бұл салыстырудан байқайтынымыз, жалпы тақырып бойынша мақалалардың саны WoS-ка қарағанда Scopus базасында көп. Сонымен катар, Өнеркәсіп 4.0 бойынша базаларда мақалалардың жарияланғанына көп бола қойған жоқ. Ал жеткізу тізбегін Өнеркәсіп 4.0 мүмкіндіктерімен пайдалынп ұйымдастыру тақырыбында мақалалар 2014-2015 жылдан басталған және олардың саны айтартықтай көп емес. Дегенмен, 2018 жылдан бастап мақалалар көлемінің бұл бағытта өсіп келе жатқанын аңғарамыз. Бұл тәжірибие жүзінде өндіріске енгізу енді басталғандығын және ғылыми түрғыдада бұл тақырыптардың әлі тың екендігін білдіреді.

«Өнеркәсіп 4.0» жағдайындағы «жеткізу тізбегін басқаруға» қатысты табылған материалдар бойынша келесідей тегтерді шығарылды: автор, тақырып, реферат, ел, дәйексөз, авторлық және т.б.



Сурет 2, 3 – «Industry 4.0»+«supply chain management» бойынша Web of Science және Scopus базаларындағы материалдар - 09.04.2019, 9 сәуір. (Ескерту: [43, 44] негізінде автормен жасалынды)

WoS-тан алғынған күжаттардың 48,7% (57) мақалалар, 38,4 % (45) конференция материалдары және 12 шолу, 3 редакциялық материал. Ал Scopus-тағы материалдардың

43,9% (139) мақалалар, 39,2% конференция материалдары және 19 кітап бөлімдері, 17 шолу, 11 мақала (article), 3 конференция шолуы, 1 кітап, 1 баспа және 1 қысқа сауалнама (кесте 1).

Кесте 1 – «Өнеркәсіп 4.0» жағдайындағы «жеткізу тізбегін басқару» бойынша Web of Science және Scopus базалары бойынша материалдар

WoS		Scopus	
Материал түрі	Саны	Материал түрі	Саны
Мақала	57	Мақала	139
Конференция материалдары	45	Конференция материалдары	124
Шолу	12	Кітап тараулары	19
Редакциялық материал	3	Шолу	17
	117	Мақала (article)	11
		Конференция шолулары	3
		Кітап	1
		Редакциялық материал	1
		Қысқа сауалнама	1
			316

Ескерту: [43, 44] негізінде автормен жасалынды.

Осы материалдар бойынша, яғни «Өнеркәсіп 4.0» жағдайындағы «жеткізу тізбегін басқару» бойынша зерттеулер жүргізген екі база бойынша да ең өнімді 10 автор келесі 2 кестеде

көрсетілген. Екі база бойынша да ең өнімді автор Иванов Д. WoS-та 6 материалы болса, Scopus 9 деп көрсеткен. Одан кейінгі өнімді авторлар көтөрүлгөн Иванов Д.-ның авторластары Долгуй А. (5), Соколов Б. (5) және Далласега П. (6).

Кесте 2 – «Өнеркәсіп 4.0» жағдайындағы «жеткізу тізбегін басқару» бойынша Web of Science және Scopus базалары бойынша өнімді авторлар

WoS			Scopus		
Авторлар	Материал саны	Үлесі %	Авторлар	Материал саны	Үлесі
Ivanov D.	6	5.2	Ivanov D.	9	3,14
Dolgui A.	5	4.3	Zhong R.Y.	8	2,79
Sokolov B.	5	4.3	Dallasega P.	6	2,09
Dallasega P.	3	2.6	Dolgui A.	5	1,74
Gruzauskas V.	3	2.6	Strandhagen J.O.	5	1,74
Gunasekaran A.	3	2.6	Bányai T.	4	1,39
Hettterscheid E.	3	2.6	Illés B.	4	1,39
Navickas V.	3	2.6	Rauch E.	4	1,39
Banyai A.	2	1.7	Sokolov B.	4	1,39
Banyai T.	2	1.7	Xu X.	4	1,39

Ескерту: [43, 44] негізінде автормен жасалынды.

«Өнеркәсіп 4.0» жағдайындағы «жеткізу тізбегін басқару» бойынша жарияланған материалдардың салалар бойынша бөлінуі келесі 3 кестеде көрсетілген. Әр база бойынша ең көп жарияланған 10 бағыт таңдап алынды. Жарияланған мақалалардың WoS-та 55,2%, Scopus-та 27,1% Инжинириング саласы бойынша

мақалалар құрайды. Одан кейін операциялық зерттеулерді басқару және компьютер ғылымдарында жарияланымдар көп (25,4% және 21,4% сәйкесінше). Екі база бойынша да үшінші орында Бизнес-экономика (20,1%), менеджмент және есеп (13,8%) бағыттарындағы мақалалар тұр.

Кесте 3 – «Өнеркәсіп 4.0» жағдайындағы «жеткізу тізбегін басқару» бойынша Web of Science және Scopus базалары бойынша зерттеу салалары

WoS			Scopus		
Салалар	Материал саны	Үлесі, %	Салалар	Материал саны	Үлесі, %
Инжинириинг	63	55.2	Инжинириинг	192	27,1
Операциялық зерттеулер басқару ғылымы	29	25.4	Компьютер ғылымы	152	21,4
Бизнес-экономика	23	20.1	Бизнес, менеджмент және есеп	98	13,8
Компьютер ғылымы	23	20.1	Шешім шығару ғылымы	77	10,9
Технология ғылымы	12	10.5	Математика	40	5,6
Қоршаған орта ғылымы	10	8.7	Қоршаған орта ғылымы	33	4,7
Бақылау жүйелерін автоматтандыру	6	5.2	Әлеуметтік ғылымдар	28	3,9
Робот	3	2.6	Энергетика	23	3,2
Әлеуметтік ғылымдар	3	2.6	Химиялық инжинириинг	17	2,4
Ақпараттық ғылымдар	2	1.7	Экономика, эконометрика, Қаржы	16	2,3

Ескерту: [43, 44] негізінде автормен жасалынды.

«Өнеркәсіп 4.0» жағдайындағы «жеткізу тізбегін басқару» бойынша Web of Science және Scopus базалары бойынша ең көп материалдар жарияланған екі база бойынша ел – Германия. WoS-тағы материалдардың 24,5% (28) және

Scopus-тағы 11,9% (54) осы бағыттағы мақалалар. Ары қарай тізімді Ұлыбритания мен Италия, АҚШ жалғастырады. Үздік ондықты екі база бойынша да Ресей аяқтайды (4,3% және 3,3%), (кесте 4).

Кесте 4 – «Өнеркәсіп 4.0» жағдайындағы «жеткізу тізбегін басқару» бойынша Web of Science және Scopus базалары бойынша материалдар жарияланған елдер

WoS			Scopus		
Елдер	Материал саны	Үлеси, %	Елдер	Материал саны	Үлеси, %
Германия	28	24.5	Германия	54	11,9
Ұлыбритания	16	14.0	Италия	36	7,9
АҚШ	13	11.4	Ұлыбритания	36	7,9
Франция	9	7.8	Бразилия	23	5,1
Италия	9	7.8	АҚШ	21	4,6
Қытай	8	7.0	Қытай	18	4,0
Бразилия	7	6.1	Франция	18	4,0
Үндістан	6	5.2	Үндістан	18	4,0
Португалия	5	4.3	Португалия	17	3,8
Ресей	5	4.3	Ресей	15	3,3

Ескерту: [43, 44] негізінде автормен жасалынды.

Мақалаларды іріктеудің келесі кезеңінде ер база бойынша мына салалар таңдалынып алдынды WoS-тан: өнеркәсіптік инжиринг, операциялық зерттеулерді басқару ғылымы, өндірістік инженеринг, пәнаралық компьютерлік ғылымдар, пәнаралық инженеринг,

экономика, менеджмент, бизнес, пәнаралық математика; Scopus базасы бойынша: бизнес, менеджмент және есеп, экономика, эконометрика және қаржы, әлеуметтік ғылымдар. Нәтижесінде WoS-тан 45 және Scopus-тан 148 мақала қалды (кесте 5,6).

Кесте 5 – Web of Science базасындағы «Өнеркәсіп 4.0» жағдайында «жеткізу тізбегін басқару» бойынша ең көп сілметеге ие мақалалар

Авторлар	Мақала тақырыбы	Баспа мәліметтері	Сілтеме саны
1	2	3	4
Ivanov, Dolgui, Sokolov, Werner, & Ivanova (2016)	A dynamic model and an algorithm for short-term supply chain scheduling in the smart factory industry 4.0	International Journal of Production Research, 54(2), 386–402.	75
Zhong, Xu, Klotz, & Newman (2017)	Intelligent Manufacturing in the Context of Industry 4.0: A Review	Engineering, 3(5), 616–630.	49
Sanders, Elangeswaran, & Wulfsberg (2016)	Industry 4.0 Implies Lean Manufacturing: Research Activities in Industry 4.0 Function as Enablers for Lean Manufacturing	Journal of Industrial Engineering and Management, 9(3), 811.	33
Kusiak (2018)	Smart manufacturing	International Journal of Production Research, 56(1–2), 508–517.	20
Prause (2016)	E-Residency: A business platform for Industry 4.0?	Entrepreneurship and Sustainability Issues, 3(3), 216–227.	13

1	2	3	4
Ooi, Lee, Tan, Hew, & Hew (2018)	Cloud computing in manufacturing: The next industrial revolution in Malaysia?	Expert Systems with Applications, 93, 376–394.	7
Lv & Lin (2017)	Design an intelligent real-time operation planning system in distributed manufacturing network	Industrial Management & Data Systems, 117(4), 742–753.	6
Mladineo, Veza, & Gjeldum (2017)	Solving partner selection problem in cyber-physical production networks using the HUMAN-T algorithm	International Journal of Production Research, 55(9), 2506–2521.	6
Dolgui, Ivanov, Sethi, & Sokolov (2019)	The impact of digital technology and Industry 4.0 on the ripple effect and supply chain risk analytics	Int. J. Prod. Res. 2019. Vol. 57, № 3. P. 829–846.	5
Dallasega, Rauch, & Linder (2018)	Industry 4.0 as an enabler of proximity for construction supply chains: A systematic literature review	Computers in Industry, 99, 205–225.	4
Dunke, Heckmann, Nickel, & Saldanha-Da-Gama (2018)	Time traps in supply chains: Is optimal still good enough?	European Journal of Operational Research, 264(3), 813–829.	4
Fatorachian & Kazemi (2018)	A critical investigation of Industry 4.0 in manufacturing: theoretical operationalisation framework	Production Planning & Control, 29(8), 633–644.	3
Barata, Rupino Da Cunha, & Stal (2018)	Mobile supply chain management in the Industry 4.0 era: An annotated bibliography and guide for future research	Journal of Enterprise Information Management, 31(1), 173–192.	3
Barbieri, Ciabuschi, Fratocchi, & Vignoli (2018)	What do we know about manufacturing reshoring?	Journal of Global Operations and Strategic Sourcing, 11(1), 79–122.	3
Ardito, Petruzzelli, Panniello, & Garavelli (2019)	Towards Industry 4.0: Mapping digital technologies for supply chain management-marketing integration	Business Process Management Journal, 25(2), 323–346.	2
Ivanov, Dolgui, & Sokolov (2019)	The impact of digital technology and Industry 4.0 on the ripple effect and supply chain risk analytics	International Journal of Production Research, 57(3), 829–846.	2
Schneider (2018)	Managerial challenges of Industry 4.0: an empirically backed research agenda for a nascent field	Review of Managerial Science, 12(3), 803–848.	2
Ескерту: [43, 44] негізінде автормен жасалынды..			

Кесте 6 – Scopus базасындағы «Онеркәсіп 4.0» жағдайында «жеткізу тізбегін басқару» бойынша ең көп сілметеге ие мақалалар

Авторлар	Мақала тақырыбы	Баспа мәліметтері	Сілтеме саны
1	2	3	4
Kovács, G., Kot, S. (2016)	New logistics and production trends as the effect of global economy changes	Polish Journal of Management Studies, 14 (2), pp. 115-126.	34
Ben-Daya, M., Hassini, E., Bahroun, Z. (2017)	Internet of things and supply chain management: a literature review	International Journal of Production Research, pp. 1-24.	27
Lopes de Sousa Jabbour et al. (2018)	When titans meet – Can industry 4.0 revolutionise the environmentally-sustainable manufacturing wave?	The role of critical success factors. Technol. Forecast. Soc. Change. 2018. Vol. 132. P. 18–25.	22
Moeuf, Pellerin, Lamouri, Tamayo-Giraldo, & Barbaray (2018)	The industrial management of SMEs in the era of Industry 4.0.	International Journal of Production Research, 56(3), 1118–1136.	22

1	2	3	4
Strange & Zucchella (2017)	Industry 4.0, global value chains and international business.	Multinational Business Review, 25(3), 174–184.	19
Strozzi, Colicchia, Creazza, & Noè (2017)	Literature review on the ‘smart factory’ concept using bibliometric tools.	International Journal of Production Research, 55(22), 6572–6591.	17
Buer, Strandhagen, & Chan (2018)	The link between industry 4.0 and lean manufacturing: Mapping current research and establishing a research agenda.	International Journal of Production Research, 56(8), 2924–2940.	11
Foidl & Felderer (2016)	Research Challenges of Industry 4.0 for Quality Management. In M. Felderer, F. Piazzolo, W. Ortner, L. Brehm, & H.-J. Hof (Eds.).	Innovations in Enterprise Information Systems Management and Engineering (Vol. 245, pp. 121–137).	11
Lin, Lee, Lau, & Yang (2018)	Strategic response to Industry 4.0: an empirical investigation on the Chinese automotive industry.	Industrial Management & Data Systems, 118(3), 589–605.	8
Dalenogare, Benitez, Ayala, & Frank (2018)	The expected contribution of Industry 4.0 technologies for industrial performance.	International Journal of Production Economics, 204, 383–394.	7
Gölzer & Fritzsche (2017)	Data-driven operations management: organisational implications of the digital transformation in industrial practice.	Production Planning & Control, 28(16), 1332–1343.	7

Ескерту: [43, 44] негізінде автормен жасалынды.

Ары қарай осы іріктелген мақалалар ішінен екі база бойынша ең жоғары сілтеме алған 40 мақала таңдалынды. Мақалалар Zotero@ бағдарламасында жинақталып, қайталағандары алынып тасталынды. Нәтижесінде 28 мақала талдауға іріктелді.

Зерттеу нәтижелерін талқылау

1. Индустрія 4.0 жағдайында жеткізу тізбегін басқарудың әдебиеттегі басты бағыттары

Бұл бөлімде «Өнеркәсіп 4.0» жағдайында жеткізу тізбегін басқару бойынша авторлардың зерттеулері талданады.

Іріктелінген материалдардың түйіндерін окуарқылы жұмыстар мына бағыттар бойынша жіктелінді: логистикадағы жаңа трендтер (new logistics); «акылды» өндіріс («smart factory», «intelligent manufacturing»); «үнемді» өндіріс («lean manufacturing»); өндірісті басқару мәселеілері (industrial management); жаңа технологиялар (Internet of things (IoT), Big Data, Cloud computing, cyber-physical systems, Automation systems, RFID, Mobile app және т.б.), (кесте 7).

1.1 Логистикадағы жаңа трендтер (new logistics)

Авторлардың зерттеуінше жылдам өзгеретін нарықтық орта және тапсырыс берушілердің сұранысының өзгеруі логистикалық үдерістердің тиімді жұмысын талап етеді.

Kovács GY, Kot S. (2016) зерттеулеріне сәйкес «Өнеркәсіп 4.0» мүмкіндіктерін қолданудың негізгі мақсаты - жеткізудің толық тізбегіндегі шығындарды барынша азайту, құнсыздану әрекеттерін жою және үдерістерді үнемі жетілдіру. Бұл мақсаттар күту уақытын қысқарту, уақытты ауыстыру және т.б. сияқты бірнеше стратегияларды қолдайды. «Икемді жеткізу тізбегі» («Agile Supply Chain») - бұл көптеген салаларда қолданылатын жеткізу тізбегін қалыптастырудың басқа жаңа тұжырымдама. «Икемділік» дайын өнім өндіруші компания мен тұтынушылар нарығы арасындағы байланысты білдіреді, басқаша айтқанда, жеткізу желісі арқылы тапсырыс беруші талаптарын тез орындаі алу мүмкіндігі. «Икемді жеткізу тізбегі» компанияның нарықтағы жаңа сын-қатерлеріне жеткізу тізбегінде тез жауап беруінің бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Бұл жаңа технологиялармен жүзеге асады [16, 17, 18].

Кесте 7 – Әдебиеттегі зерттеу тақырыптары

Жеткізу тізбегіндегі жаңа трендтер (New trends on supply chain management)	<p>Kovács GY., Kot S. (2016)[16]increasing global competition, and more complex products results application of new technologies, methods and business processes. Fast changing market environment and fluctuating customer demands require efficient operation of logistical processes. In this study the logistical tendencies and challenges are introduced with reasons and driving forces. Tendencies in the changes of customer demands, production requirements, formation of supply chains, inventory strategies, transportation activities and activity of the logistics service sector are analyzed. Finally the Industry 4.0 conception is introduced which will change the production and logistical processes drastically.»»,»DOI»:»10.17512/pjms.2016.14.2.11»,»IS SN»:»20817452, 20817452»,»language»:»en»,»author»:[{«literal»:»University of Miskolc, Institute of Logistics»}, {«family»:»Kovacs»,»given»:»Gyorgy»}, {«literal»:»Czestochowa University of Technology, the Management Faculty, Poland and North-West University, Faculty of Economic Sciences and IT, South Africa»}, {«family»:»Kot»,»given»:»Sebastian»}],»issued»:{«date-parts»:[[«2016»,6]]}],»schema»:»https://github.com/citation-style-language/schema/raw/master/csl-citation.json»}</p> <p>Dallasega et al. (2018) [17]</p> <p>Strange & Zucchella (2017) [18]</p>
«Ақылды» өндіріс (Operational management, «Smart factory», «Intelligent manufacturing»)	<p>Ivanov және басқалар (2016) [19]</p> <p>Strozzi et al. (2017) [20]</p> <p>Zhong, Xu, Klotz, & Newman (2017) [21]</p> <p>Kusiak (2018) [22]</p>
«Үнемді» өндіріс («Lean manufacturing»)	<p>Sanders et al. (2016) [23]</p> <p>Buer et al. (2018) [24]</p> <p>Barbieri, Ciabuschi, Fratocchi, & Vignoli (2018) [25]</p> <p>[26]</p>
Өндірісті басқару мәселелері (industrial management)	<p>Moeuf et al. (2018) [27]</p> <p>Foidl & Felderer (2016) [28]</p> <p>Lv & Lin (2017) [29]</p> <p>Lin et al. (2018) [30]</p> <p>Prause (2016) [31]</p> <p>Fatorachian & Kazemi (2018)[32]</p> <p>Schneider (2018) [33]</p> <p>Dalenogare, L.S., Benitez, G.B., Ayala, N.F., Frank, A.G. [34]</p>
Жаңа технологиялар (New technologies: Internet of things (IoT), Big Data, Cloud computing, cyber-physical systems, Automation systems, RFID Mobile app және т.б.)	<p>Ben-Daya M. және басқалар (2017) [35]</p> <p>Gölzer & Fritzsch (2017) [36]</p> <p>Ivanov et al. (2019) [37]</p> <p>Mladineo et al. (2017) [38]</p> <p>Ooi et al. (2018) [39]</p> <p>Barata et al. (2018) [40]</p> <p>Dunke et al. (2018) [41]</p> <p>Ardito et al. (2019) [42]</p>

Ескерту: автормен жасалынған.

